

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Есіл ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріне жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 маусымдағы № 5/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 шілдеде № 5465 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 2 ақпандағы № 24/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 02.02.2018 № 24/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің 386, 444 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Есіл ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріне жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Есіл ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріне бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

К.Мистриди

*Аудандық мәслихат
хатшысы*

С.Ағымбаева

"КЕЛІСІЛДІ"

Есіл ауданының әкімі

А.Қалжанов

21 маусым 2016 жыл

"Есіл ауданы бойынша
мемлекеттік кірістер басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

М. Смағұлов

21 маусым 2016 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК